



# АИТВ жэне ТУБЕРКУЛЕЗ







**АИТВ инфекциясы** – адамның иммун тапшылығы вирусінан туындаған баяу дамитын ауру.

Адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) ағзаның иммун жүйесін зақымдап, дені сау адамның иммунитеті жеңе алатын көптеген инфекция мен қатерлі ісіктің кейбір түріне қарсы дененің қорғанысын әлсіретеді. Вирус CD4 иммун жасушасының қызметін бұзып, әлсіретеді, сондықтан жұқтырған адамда біртіндеп иммун тапшылығы дамиды.

АИТВ адамға үш жолмен **жүғады**:



- **Жыныстық қатынас** (мүшекапсыз) арқылы.



- **Қан арқылы** – мысалы, стерильді емес медициналық құралды немесе есірткіні ортақ шприцпен пайдаланғанда.




- **Андан балаға** - жұктілік, босану және емізу кезінде



**Туберкулез (ТБ)** АИТВ жүқтүрған адамдар үшін ең көп тараған оппортунистік инфекция және АИТВ-мен ауыратын әрбір төртінші адамның ажалына себеп.

Туберкулезге шалдыққан барлық науқас АИТВ-ға тексерілуге тиіс.







## Себебі

- АИТВ-мен ауыратын адамдарда белсенді туберкулездің даму қаупі жоғары.
- Туберкулез АИТВ инфекциясының асқынған белгісі болуы мүмкін.
- Туберкулез АИТВ арасындағы өлім-жітімнің негізгі себебінің бірі.
- Туберкулез АИВ инфекциясының клиникалық өршүіне және оны емдеуге әсер етеді.
- АИТВ туберкулезді емдеудің нәтижесіне әсер етеді.
- Туберкулезben ауыратындарда, әсіресе жоғары қауіпті топтар арасында АИТВ-ны жұқтыру ықтималдығы жоғары.

## АИТВ жүғады:



- Қорғалмаған жыныстық қатынас кезінде
- Емдеу-диагностика шарасы кезінде (қан құю, инъекция)
- Жүктілік, босану, емізу кезінде
- Стерильді емес құралдарды пайдаланған кезде (тату, пирсинг үшін)
- Шприцтерді, инелерді ортақ пайдалану.



## АИТВ жұқпайтын жағдайлар:




- Ортақ ыдыс, сүлгіні пайдаланғанда, сүйіскенде, құшақтасқанда
- Жануарлар, жәндіктер шаққан кезде
- Қоғамдық орындарда – хауызда, ваннада және т.б.



АИТВ инфекциясының анадан балаға жүғу қаупін заманауи жоғары белсенді химиопрофилактикалық әдісті қолдану арқылы **2%** немесе одан да көп пайызға азайтуға болады.

Бұл әдісті қолданбаса балалар дертті **45%-ға** дейін жағдайда жүқтыврады.




АИТВ инфекциясы әлемдегі туберкулез індегі бойынша ахуалдың күрт нашарлatty. Элемнің кейбір елінде туберкулезбен ауыратын науқастардың 80%-ы АИТВ жүқттырған.

Бұған қоса, өкпеден тыс туберкулез АИТВ инфекциясы бар адамдар арасында жиі кездеседі.

Ағзада АИТВ инфекциясы болса, науқастың туберкулезге шалдығы ықтималдылығы жоғары болады.

АИТВ инфекциясы бар адам туберкулездің белсенді түріне тез ауысады.

АИТВ-мен ауыратын адамның туберкулез жүқтүру ықтималдығы АИТВ инфекциясы жоқ адаммен салыстырғанда **19 есе** жоғары.



Қазақстан Республикасында АИТВ инфекциясын емдеу 2020 жылғы клиникалық хаттамаға сәйкес жүргізіледі, онда мұндай науқастағы аурудың клиникалық сатысына қарамастан, CD4 жасушаларының кез келген санында антиретровирусты терапияны (АРТ) бастау керек.

АРТ неғұрлым ерте басталса, АИТВ инфекциясын бақылау соғұрлым жақсы және туберкулезді емдеудің тиімділігі жоғары болатыны туралы нақты дәлелдер бар.

**АРТ үақтылы басталып, дәрі-дәрмекті дұрыс қабылдаған кезде вирустың көбеюі тежеледі, АИТВ инфекция-сының дамуы тоқтайды.**






Адамның иммун тапшылығы вирусы қанда, шәуетте, қынап бөлінісінде және емшек сүтінде болады. АИТВ сілекейде, көз жасы сұйығында, зәрде, терде де кездеседі, алайда сарапшылардың пікірінше, олардың шоғырлануы ауруды қоздыруға жеткіліксіз.

Құрамында АИТВ бар биологиялық сұйық қанға немесе шырышты қабыққа түскенде адам вирус жүқтыврады.

Зақымдалған терінің АИТВ жүқтыврған қанмен байланыста болса, АИТВ инфекциясын жүқтывру қаупі пайдада болады. Науқас адамның қанын құю, ағзалар мен тіндерді ауыстыру кезінде АИТВ инфекциясының 100% жүғу ықтималдығы бар.

Әлемде АИТВ инфекциясы донорлық шәует пен емшек сүтін пайдалану кезінде де жүғады.





АИТВ-ның жасанды жолмен жүгүүнүң тағы бір нұсқасы – есірткіні стерильді емес құралдармен қолдану кезінде жүктыру.



Бұл АИТВ жүктырудың әлемде ең көп таралған жолы.

АИТВ инфекциясын жүктыру ықтималдығы туралы деректер әртүрлі. (1%-дан 70%-ға дейін).



Бұл АИТВ жүктыру ықтималдығы жоғары есірткіні тұтынуға ортақ ине, шприц, ортақ ыдыс секілді есірткі қолдану әдістеріне тікелей байланысты



АИТВ-ның табиғи жолмен таралуына жыныстық қатынас (гомо және гетеросексуалды байланыс) және анасынан емшек сүті арқылы баласына берілуі жатады.



Жыныстық қатынас кезінде ең қауіптісі – презервативсіз болған аналды секс.

Ауру жұқтырмаған ер адамның АИТВ-мен ауыратын әйелмен жыныстық қатынаста вагиналды сексте ауру жұқтыру қаупі төменірек болады.



АИТВ инфекциясынан презерватив тиімді қорғайды. АИТВ презерватив арқылы тек ол жыртылған, бүлінген немесе дұрыс пайдаланылмағанда жүғады.



АИТВ-мен ауыратын адам мына қызметтерге  
қол жеткізу керек:



PrEP

Антиретровирусты терапия




Туберкулезді диагностикалау  
және емдеу



Туберкулезге тұрақты тексерілу

Туберкулез індегін  
профилактикалық емдеу  
(туберкулез белгісі болмаган  
жагдайда)

## АИТВ жүктырған науқаста туберкулез қаупін немесе туберкулездің болуын бағалау алгоритмі





Жаһандық қордың Қазақстан Республикасының Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы жанындағы «Туберкулез» компоненті бойынша 2020-2022 жылдарға арналған «Қазақстандеги дәріге төзімді туберкулезге қарсы тиімді шаралар» грант жобасын іске асыру аясында



 Глобальный фонд